



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 03 ж. « 3 » қазан ЖҮРГІЗІЛДІ

№ 345-1900-84 (ШҚ)

Бастапқы тіркелген күні

1995 ж. « 3 » сәуіріс

**КӨШІРМЕ  
КОПИЯ**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 13 ж. « 04 » маусым

Бұрын 2003 ж. « 3 » қазан ТІРКЕЛДІ

БСН 951140000151



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 03 ж. « 3 » қазан ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 951140000151

Бастапқы тіркелген күні

1995 ж. « 3 » қараша

“АТФБАНК”  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

«АТФБанк» АҚ  
акционерлерінің  
жылдық  
жалпы жиналысы  
БЕКІТКЕН  
«30» сәуір 2013 жыл  
№ 2 (59) хаттама

Алматы қ.

СМОТРИ НА ОБОРоте

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. “АТФБанк” акционерлік қоғамы бұдан әрі “Банк” деп аталады, (алғашқы мемлекеттік тіркелген күні - 03 қараша 1995ж.) Қазақстан Республикасының банктік заңдарына сәйкес банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

1.2. Банктің толық және қысқаша атауы:

	Толық атауы	Қысқаша атауы
Қазақша (мемлекеттік тілде):	«АТФБанк» акционерлік қоғамы	«АТФБанк» АҚ
Орысша (ресми тілде):	Акционерное общество «АТФБанк»	АО «АТФБанк»
Ағылшын тілінде:	Joint Stock Company «ATFBank»	JSC «ATFBank»

1.3. Банк – мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға болып табылатын, дербес балансы бар, шаруашылық есебі мен өзін-өзі қаржыландыру негізінде іс-әрекет жасайтын акционерлік қоғам. Меншік түрі – жеке меншік.

Банк Қазақстан Республикасының бірыңғай банк жүйесіне кіреді.

Банктің Директорлар кеңесі шешімінің негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – бақылау бойынша уәкілетті орган) келісімінсіз, Банк Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде өзінің оқшауланған бөлімшелері - филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

Банк Қазақстан Республикасының заңдарымен, оған берілген өкілдіктерді іске асыру мақсатында еншілес ұйымды, ұйымның жарғылық капиталда қатысуын бақылау бойынша уәкілетті органның келісімі бар болған жағдайда, құруға, сатып алуға құқылы.

1.4. Банк немесе мемлекет өзіне осындай жауапкершілікті қабылдаған жағдайлардан басқа жағдайларда, мемлекет Банк міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндігі сияқты, Банк те мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Банк өз міндеттемелері бойынша, соның ішінде азаматтардың салымдары бойынша жауапкершілік алады.

Банк акционерлердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайды.

Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің қызметіне байланысты оларға тиесілі акциялардың құнының шегінде шығындар тәуекеліне жауапты.

1.5. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін,

Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы” Заңын, Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңын, Қазақстан Республикасының басқа заң актілерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

- 1.6. Банктің өзіне тән атауы мен тауар белгісі бар (қызмет көрсету белгісімен) мөрі, мөртабандары және бланктері бар.
- 1.7. Атқарушы органның (Банк Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Фурманов к-сі, 100.

## **II. ҚЫЗМЕТТІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ**

- 2.1. Банктік қызметтің мәні банктік қызмет болып табылады.
- 2.2. Банктік қызметтің негізгі мақсаттары:
  - 1) Берілген лицензиялар негізінде банқтық қызмет атқару, құнды қағаздар нарығында қызмет көрсету және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген басқада қызметтерді көрсету нәтижесінде табыс табу;
  - 2) Қазақстан Республикасында банқтық жүйенің орнауына және ары-қарай дамуына ықпалдасу.
- 2.3. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк, бақылау бойынша уәкілетті органның лицензиясын алған жағдайда, банктер Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында көзделген келесі банктік және басқа да операцияларды ұлттық және шетел валютасында орындайды:
  - 1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарды ашу және жүргізу;
  - 2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарды ашу және жүргізу;
  - 3) банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
  - 4) банктердің осы тұлғаның иелігіндегі тазартылған қымбат металдар мен қымбат металдан жасалған монеталардың нақты саны көрініс табатын жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашуы және жүргізуі;
  - 5) кассалық операциялар: банктер және Ұлттық пошта операторы қолма-қол ақшаны ұсақтауы, айырбастауы, қайта санауы, сұрыптауы, буу және сақтаумен қатар, қабылдауы және беруі;
  - 6) аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақша төлемдері мен аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
  - 7) есеп жүргізу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борыштық міндеттемелерінің есебін жүргізу (дисконт);
  - 8) банктік заем операциялары: ақшалай формада ақылы, жеделдік және қайтарылу шартымен кредиттер беру;
  - 9) шетел валютасынан айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
  - 10) банкноттарды, монеталар және құндылықтарды инкассациялау;
  - 11) төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;

- 12) аккредитивті ашу (ұсыну) мен растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- 13) ақшалай нысанда орындалуды көздейтін банктік кепілдіктерді беру;
- 14) үшінші тұлғалар үшін ақшалай орындалуды көздейтін банктік кепілдіктер мен өзге де міндеттемелер беру;
- 15) тазартылған қымбат металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдарды) құйма күйінде, қымбат металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 16) құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 17) вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушілерге вексельдерді төлеу жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ төлем орны белгілеген вексельдерді, вексельдер акцептін делдалдық тәртіппен төлеу;
- 18) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 19) өз меншігіндегі бағалы қағаздарды (акцияларды қоспағанда) шығару;
- 20) факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқығын иелену;
- 21) форфейтингтік операциялар (форфейтингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексель сатып алу арқылы төлеу;
- 22) сенім операциялары: сенім білдірушінің мүддесі үшін және оның тапсыруымен ақшаны, ипотекалық қарыздар мен тазартылған қымбат металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
- 23) сейфтік операциялар: клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттарын және құндылықтарын сақтау, оған қоса сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беру жөнінде қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларда, банктік және басқа да операциялар жүргізуге кейбір лицензия түрлерін беру туралы бақылау бойынша уәкілетті органға жүгіну үшін, Банк алдын ала Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті шешімін алуы тиіс.

2.4. Банк бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) брокерлік – Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингісін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен немесе онсыз қаржы нарығын реттеу бойынша уәкілетті органның (бұдан әрі – реттеу бойынша уәкілетті орган) шешімі бойынша, базалық активтерінің тізбесі мен оны сатып алу тәртібін реттеу бойынша уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен;
- 2) дилерлік - Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингісін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен немесе онсыз реттеу бойынша уәкілетті органның шешімі бойынша, сонымен қатар базалық активтерінің тізбесі мен оны

сатып алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 8-бабында белгіленген жағдайларда өзге де бағалы қағаздармен;

- 3) кастодиандық;
- 4) трансфер-агенттік.

Банктердің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің жоғарыда аталған бір немесе бірнеше үйлесімді түрлерін жүзеге асыруына лицензияны бақылау бойынша уәкілетті орган береді.

2.5. Банктің басқа банктермен, сонымен қатар клиенттермен қарым-қатынастары шарттар негізінде жүзеге асырылады. Банк депозиттерді міндетті түрде кепілдендіру жүйесіне қатысады.

2.6. Банк:

- 1) банктік заемдарды алатын ұйымдардан олардың төлем қабілеттіктерін растайтын қаржылық есептерді және құжаттарды, сонымен қатар берілген банктік заемдарының қамтамасыз етілуін талап етуге;
- 2) банктік заемның қатысуымен жүзеге асыруы жоспарланған объектілердің құрылысы, кеңейтілуі, қайта жаңартылуы және техникалық қайта жабдықталуы жөніндегі жобалар шешімдеріне сараптама жүргізуді талап етуге;
- 3) банктік заем беру шартымен көзделген міндеттемелерді бұзғанда, қаржылық есептің дұрыс еместігі анықталған жағдайда, банктік қағаздарды одан әрі беруді тоқтатуға, берілген банктік заемдардың сомаларын мерзімінен бұрын өндіруге;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес, төлемге қабілетсіз қарыз алушыны банкрот деп тану үшін сотқа талап – арызбен жүгінуге;
- 5) клиенттермен шарттар негізінде белсенді және пассивті операцияларды жүргізгені үшін сыйақылардың мөлшерлемелерін, сонымен қатар көрсетілген қызмет үшін комиссиялық сыйақылардың мөлшерін белгілеуге құқылы.

### **III. БАНКТИҢ МҮЛКІ, ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ**

- 3.1. Банк мүлкі Жарғылық капиталдан, резервтік капиталдан, басқа да резервтерден, бөлінбеген таза табыстан, құны Банк балансында айқындалатын негізгі және айналым қаражаттарынан тұрады.
- 3.2. Мүлік Банктің жеке меншік құқығына тиесілі болады.
- 3.3. Банк мүлкінің қалыптасу көздері болып табылатындар:
  - 1) Банктің жарғылық капиталы;
  - 2) Банк қызметінен алынған кірістер;
  - 3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған басқа құралы көздері болып табылады.

- 3.4. Филиалдардың және өкілдіктердің оларды құрайтын мүлкі Банктің меншігі болып табылады.
- 3.5. Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін Банк шарт бастамасында оған заңды және жеке тұлғалармен (соның ішінде резидент еместермен) берілген мүлкіті пайдалануға құқылы.
- 3.6. Банктің Жарғылық капиталы олардың номиналды құны бойынша құрылтайшылармен (жалғыз құрылтайшымен) акцияларды төлеу және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша инвесторларға акцияларды төлеу жолымен қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы түрінде көрсетіледі.
- 3.7. Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларымен анықталған тәртіппен туынды бағалы қағаздарды, опциондарды және айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
- 3.8. Банк жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Артықшылықты акциялардың саны Банктің жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.
- 3.9. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
- 3.10. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығында бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып танылады және акциялармен куәландырылған құқықтарды өздерінің ортақ өкілдері арқылы пайдаланады.
- 3.11. Акцияның бір түрі оны иеленуші әрбір акционерге осы түрдегі акцияның басқа иеленушілерімен бірдей құқықтар ауқымын береді.
- 3.12. Банк шарттары мен шығару тәртібі, орналастырылуы, айналысы және өтелуі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдармен белгіленетін басқа бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
- 3.13. Бір жай акция бір дауыс құқығын береді.
- 3.14. Акциялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес ақшамен төленеді.
- 3.15. Банктің жарғылық капиталын өсуі Банктің жарияланған акцияларын орналастыру жолымен іске асырылады.
- 3.16. Банк жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеуге дейін, реттеу бойынша уәкілетті орган белгілеген мөлшерден кем емес болатындай таза кірістің есебінен резервтік капиталды қалыптастырады.
- 3.17. Банктің резервтік капиталы Банктің таза кірісінен аударымдар жасау жолымен қалыптасады. Аударымдар мөлшері Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленеді. Сонымен қатар, қалыптасқан резервтік капитал реттеуші өкілетті органның орнатқан мөлшерінен кем болмауы тиіс.
- 3.18. Егер қандай да болмасын төлемдердің нәтижесінде Банктің резервтік капиталы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген мөлшерден азайса, Банк көрсетілген шамаға дейін резервтік капиталды толтыру үшін аударымдарды жаңартуға міндетті. Резервтік капитал банктік қызметті жүзеге асырумен байланысты ықтимал шығындарды жабу үшін қолданылады. Резервтік капиталды қолдану жөніндегі шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.
- 3.19. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің бастамасы бойынша ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында акционерлердің келісімімен

(мұндай төлем Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілу шартымен), Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында, акцияларды Банктің қор биржасында ашық тендер әдісімен сатып алу жағдайын қоспағанда, келесіде оларды сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға қайшы келмейтін басқа мақсаттарда, Банк сатып алғандағы акциялардың құнын анықтау әдісіне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

- 3.20. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Директорлар кеңесі шешімінің негізінде жүргізіледі.
- 3.21. Банк өзінің орналастырылған акцияларын төменде көрсетілген жағдайда сатып алуға құқылы емес:
- 1) құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру қорытындылары туралы бірінші есепті бекіткенге дейін;
  - 2) егер акцияларды сатып алудың нәтижесінде Банктің меншікті капиталы мөлшері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінен азайса;
  - 3) егер акцияларды сатып аларда, Банк Қазақстан Республикасының банкроттық заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігін немесе дәрменсіздігін танытса, болмаса осы барлық белгілер онда сатып алуға талап етілетін немесе болжанатын акцияларды сатып алудың нәтижесінде пайда болса;
  - 4) егер сот немесе Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.
- 3.22. Банктің бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны олардың жалпы санынан бір пайыз асса, акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін (мәмілесіне) жасасқанға дейін ол осындай сатып алу жөніндегі ниетін өзінің акционерлеріне жариялауға міндетті.
- 3.23. Өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы Банктің хабарландыруында сатып алатын акцияларының түрлері, саны, бағасы, мерзімі және оларды сатып алу шарттары туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс және - “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа интернет-ресурстарында жариялануы тиіс. Бұған қоса, Банк өз қалауынша ақпаратты басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.
- 3.24. Егер Банктің акционерлері сатып алуға мәлімдеген орналастырылған акциялардың саны Банктің сатып алуға жарияланған акцияларының санынан асқан жағдайда, осы акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар болатындай көлемде сатып алынады.
- 3.25. Банк акционерінің талабы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы мынадай жағдайларда:
- 1) Банкті қайта құру туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысында қабылдаған жағдайда (егер акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқанда, Банкті қайта құру туралы мәселе қаралған кезде, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);
  - 2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Банк Жарғысында белгіленген тәртіпте қабылданған, іске

асырылуына Банк мүдделі болған ірі мәмілені жасасқаны туралы шешіммен және (немесе) мәмілені жасасқаны туралы шешіммен келіспеген жағдайда;

- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің Жарғысына белгілі бір акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін (егер акционер осындай шешім қабылдағанда Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе) өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы шешімді қабылдаған жағдайда іске асыру мүмкін;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысында Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер осындай шешім қабылданған Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспа немесе егер ол сол жиналысқа қатысып, аталған шешімге қарсы дауыс берсе);
- 5) сауданы ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда.

Банк акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуды, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында Банк сатып алғандағы акция құнын анықтау әдістемесіне сәйкес іске асырады.

- 3.26. Акционер жазбаша өтінішін Банкке жібергеннен кейін осы Жарғының 3.25. тармағында көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі шешімді қабылдаған күннен бастап немесе сауда-саттықтарды ұйымдастырушының Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күннің ішінде оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты қоюға құқылы.
- 3.27. Егер Банк акционерлерінің сатып алуға мәлімдеген, орналастырылған акцияларының саны Банктің сатып алынуы мүмкін акцияларының саны санынан асса, осы акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.
- 3.28. Банктің сатып алынатын орналастырылған акцияларының саны орналастырылған акциялардың жалпы санынан жиырма бес пайыздан аспауы тиіс, ал Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуға жұмсалатын шығындары оның меншікті капиталының мөлшерінен он пайыздан аспауы тиіс:
  - 1) акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған кезде – келесі күнгі жағдайы бойынша:
    - Акционерлердің жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 27-бабы 1 тармағы 1), 1-1), 3) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді қабылдау;
    - сауда-саттықты ұйымдастырушының Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдау;
    - жүзеге асырылуында Банктің қызығушылығы бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау туралы шешім қабылдау;
  - 2) Банктің бастамасымен орналастырылған акцияларды сатып алу кезінде - Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдаған күнгі жағдайы бойынша.
- 3.29. Банктің сатып алынған акциялары оның Акционерлерінің жалпы жиналысында кворумды анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге қатыспайды.



#### IV. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

##### 4.1. Акционерлер:

- 1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, сонымен қатар Банк акционерлерінің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Банк тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;
- 5) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;
- 6) сот тәртібінде Банктің органдары қабылдаған шешімдерді даулауға;
- 7) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрауларды жолдауға және сұраудың Банкке түскен күнінен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Банк таратылғанда мүлкінің бөлігін алуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіпте, оның акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын басымдылықпен сатып алуға құқылы.
- 10) Банктің дауыс беруші акцияларының бес немесе одан көп пайызын иеленетін басқа акционерлермен бірге немесе жеке иеленген кезде Банктің лауазымды тұлғалары Банкке келтірген шығындарды қайтару және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасау туралы шешімдер қабылдау (жасау ұсынысы) нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтару туралы талаппен Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74-баптарында қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органдарына хабарласу.

##### 4.2. Артықшылықты акциялардың меншік иелері – акционерлері, жай акциялардың меншік иелері - акционерлерінің алдында, Банк Жарғысымен белгіленген алдынала анықталған кепілдік мөлшерінде дивидендтерді алуға және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіпте, Банк таратылғанда, мүлкінің бөлігін алуға басымдылықты құқығы бар.

Банктің артықшылықты акцияларының санын орналастыру кезеңінде орналастырылған акциялардың жалпы саны жиырма бес пайыздан аспауы тиіс.

##### 4.3. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын, төмендегі жағдайларды қоспағанда, береді, егер:

- 4.3.1. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі ықтимал мәселені қараса. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеуді жақтап орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем емесі дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады.

Артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқығын шектей алатын сұрақтар бойынша шешім қабылдауға келесі сұрақтар жатады:

- 1) артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің көлемінің азаюы немесе дивидендтер көлемінің есеп айырысу тәртібінің өзгеруі;
- 2) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібінің өзгеруі;
- 3) артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау.

4.3.2. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алған кезде артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдістемесін (әдістемені бекіту, егер ол құрылтайшылық жиналыста бекітілмесе) енгізілген өзгерістерді бекіту туралы мәселесін қарастырады;

4.3.3. Акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастырады.

4.4. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемде төленбеген жағдайлар болғанда Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Банк акционері акционерлердің қатысуымен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын сұрақтарды талқылауға қатысуға құқылы.

4.5. Акционерлердің жалпы жиналысына басқа тұлғаларға (Банк қызметкерлері, сонымен қатар уәкілетті органның өкілдерінен басқаларға) шақырусыз қатысуға рұқсат етілмейді.

4.6. Сонымен қатар ірі акционер:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі, Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайында, оны шақыру туралы қуыныммен сотқа жүгінуге;
- 2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді Директорлар кеңесіне ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің жиналысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымының Банк аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.

4.7. Банк акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) Банктің акция ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу үшін осы акционерге тиесілі қажетті мәліметтердің өзгеруі жөнінде Банк тіркеушісін немесе акциялардың номиналды ұстаушысын он күннің ішінде хабардар етуге;
- 3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия ақпаратты жария етпеуге;

- 4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген басқа міндеттерді орындауға міндетті.
- 4.8. Осы Жарғының 4.7. тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционердің орындамауының салдарынан Банк пен тіркеуші жауапкершілік алмайды.
- 4.9. Осы Жарғының 4.1. және 4.6. тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.

## **V. КІРІСТЕР, ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес бюджетке салықтарды төлегеннен кейінгі Банктің меншігіне қалатын таза кіріс Банктің қорларын құру, резервтік капиталды қалыптастыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады.
- 5.2. Жылдық қорытынды бойынша Банктің жай акцияларына дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.
- 5.3. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді шығаруға құқылы, егерде бұл шешімді шешім қабылдаған күннен бастап, он күннің ішінде “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа интернет-ресурстарында міндетті түрде жарияласа. Бұған қоса, Банк өз қалауына ақпаратты басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.
- 5.4. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер болуы тиіс:
  - 1) Банктің атауы, тұрған орны, банктік және басқа да деректемелері;
  - 2) дивидендтер төленетін кезең;
  - 3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері;
  - 4) дивидендтерді төлеудің бастапқы күні;
  - 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.
- 5.5. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу, Банк органының шешімін талап етпейді.

Дивидендтерді төлеу кезеңділігі және бір артықшылықты акцияға арналған дивиденд мөлшері Банк Жарғысымен белгіленеді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивидендтер мөлшері осы кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер мөлшерінен аз болмауы керек.
- 5.6. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеуге қатысты басқа мәселелер Банктің ішкі құжаттары арқылы реттеледі.
- 5.7. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жүргізілмейді.
- 5.8. Банктің акциялары бойынша дивидендтер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Банктің дауыс беруші акцияларының жай

көпшілігімен Акционерлердің жалпы жиналысында дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған шарты бойынша Банктің ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

Дивидендтерді Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.

- 5.9. Банктің акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге Банктің жарияланған акцияларымен және шығарылған облигацияларымен жүзеге асырылатын шартында ғана акционердің жазбаша келісімімен рұқсат етіледі.
- 5.10. Акцияларды сату туралы шартта немесе төленбеген дивидендтері бар акциялар бойынша меншік құқығын кез келген басқа шеттету шарттарында, төленбеген акциялары бар басқа, кез келген шеттету, аталған дивидендтерді алу құқығына ие акциялардың жаңа иесіне шеттетумен бірлесіп жүргізу көзделмеген жағдайда, Дивидендтер алу құқығына ие акционерлердің тізімі дивидендтерді төлей бастау күнінің алдындағы күнге жасалуы тиіс.
- 5.11. Банктің өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялары бойынша, сонымен қатар егер сот немесе Банктің Акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 5.12. Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес реттеу бойынша уәкілетті органның нормативті құқықтық актілерімен белгіленетін тәртіпте және шарттарда банктік қызметтің шығындарын өтеу үшін күмәнді және сенімсіз активтерге қарсы резервін (провизия) құрады.
- 5.13. Резервтерді (провизияларды) құру үшін Банк реттеу бойынша уәкілетті органның белгілеген тәртібімен және шартымен күмәнді және сенімсіз талаптарды бөле отырып активтердің және шартты міндеттемелердің жіктелуін жүзеге асырады.
- 5.14. Банк қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, депозиторлардың мүдделерін қорғау, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсаттарында күмәнді және сенімсіз активтерге қарсы провизияларды, ең аз резервтік талаптардың нормативін қоса (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бекітілген), реттеу бойынша уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтер мен басқа міндетті нормалар мен лимиттерді сақтайды.

## **VI. БАНКТІ БАСҚАРУ**

- 6.1. Банктің органдары болып табылатындар:
  - 1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
  - 2) басқару органы - Банктің Директорлар кеңесі;
  - 3) атқарушы орган - Банк Басқармасы.Ішкі бақылау комитеті Директорлар кеңесімен құрылады және оған бағынышты болады.
- 6.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын

өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

6.2.1. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Банктің аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің және Банктің атқарушы органының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Банктің акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қарауға құқылы.

6.2.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы бақылау бойынша уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілікті беру талабына байланысты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған мерзімде, Басқарманың орналасқан елді мекенінде өткізілуі тиіс.

6.2.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Банктің Директорлар кеңесі шақырады. Банктің органдары Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібі бұзылған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

6.2.4. Акционерлердің кезектен тыс жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер Банктің органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы оның талабын орындамаса, Банктің ірі акционерінің қуынымы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

6.2.5. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық жасауды және оны өткізуді жүзеге асырушылар:

- 1) Банк Басқармасы;
- 2) жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
- 3) Банктің Директорлар кеңесі;
- 4) Банктің тарату комиссиясы.

6.2.6. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Банк көтереді.

6.2.7. Акционерлер жалпы жиналыс өткізу туралы шешімді 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін

жағдайда – жиналыстың өткізілетін күніне дейінгі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етілуі тиіс. Уәкілетті органның талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мәжбүрлі немесе басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акциялары санын арттыру туралы мәселе қосылған күн тәртібінде Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізген жағдайда акционерлерге алда болатын Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама кемінде 10 (он) жұмыс күн бұрын хабарлануы қажет, сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналысты өткізу күніне дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын хабарлануы қажет. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама акционерлерге жіберілуге және/немесе “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа интернет-ресурстарында жариялануы тиіс. Бұған қоса, Банк өз қалауынша ақпаратты басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

- 6.2.8. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банктің тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.
- 6.2.9. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерге жарияланатын хабарламада:
- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының тұрған орны;
  - 2) жиналысты шақыруға бастама көтеруші туралы мәліметтер;
  - 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және өткізілетін орны, жиналыстың қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты, сонымен қатар егер бірінші жиналыс болмаса, өткізілуі тиіс Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
  - 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
  - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтарға байланысты материалдармен Банктің акционерлерін таныстыру тәртібі көрсетілуі тиіс.
- 6.2.10. Қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысын өткізуге белгіленген күннің ертеңіндегі күннен ерте тағайындалмайды. Қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының орнында өткізілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Жалпы жиналыстың күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.
- 6.2.11. Акционерлердің жалпы жиналысы егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін жиналыстың қатысушыларын тіркеу аяқталған сәтте акционерлердің тізіміне жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқылы Банктің дауыс беруші акцияларының жиынтығында елу және одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, күн

тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

- 6.2.12. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін расстайтын, Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес, ресімделген сенімхатты ұсынуы тиіс.

Акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес құқығы бар тұлға үшін қарастырылатын мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге сенімхат талап етілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысында Банк Басқармасының мүшелері акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Банк қызметкерлері Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқықтары тек осындай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық сұраулар бойынша дауыс беру туралы айқын нұсқаулықтардан тұратын сенімхатына негізінделген кезде ғана бар.

Заңды тұлғалардың өкілдері үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына сенімхат нотариалдық куәландыруды талап етпейді.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытта кворум болса ғана ашылады

- 6.2.13. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабардар етілген және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсы емес жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.
- 6.2.14. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (төралқасын), хатшысын сайлайды.
- 6.2.15. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің нысанын – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлағанда әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысып отырғандардың санынан жай көпшілік дауыспен қабылданады.
- 6.2.16. Басқарма мүшелері жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер Басқарма құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 6.2.17. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қаралатын мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныс беруге құқылы.
- 6.2.18. Осындай сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға апарып соқтыратын болып, осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысу құқығына ие тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

- 6.2.19. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысына үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің кейбір мәселелерді қарауды келесі күнге қалдыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.
- 6.2.20. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарағаннан және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.
- 6.2.21. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында айқындалған мәліметтердің толықтығы мен нақтылығы үшін жауап береді.
- 6.2.22. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көзделген тәртіпте сырттай дауыс беру жолымен қабылданады.
- 6.2.23. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру, келесі жағдайларды қоспағанда, “бір акция - бір дауыс” қағидасы бойынша жүзеге асырылады:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстар санының ең көп санын шектегенде;
  - 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау барысында кумулятивті дауыс бергенде;
  - 3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық сұрақтары бойынша бір дауыспен акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға бергенде.
- 6.2.24. Егер акционерлердің қатысуымен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын жағдайда, осындай дауыс беру үшін бюллетеньдер (осы тармақтан одан әрі – акционерлердің қатысуымен жасырын дауыс беру үшін бюллетеньдер) жасырын тәсілмен дауыс беру жүзеге асырылатын әрбір жеке сұрақ бойынша жасалуы тиіс. Сонымен қатар акционерлердің қатысуымен жабық дауыс беру үшін бюллетеньде:
- 1) Сұрақтың тұжырымдамасы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның тәртіптік нөмірі;
  - 2) “иә”, ”қарсы”, ”қалыс қалды” сөздерімен айқындалған сұрақ бойынша дауыс берудің нұсқалары немесе Банктің органына әрбір кандидат бойынша дауыс берудің нұсқалары;
  - 3) акционерге тиесілі дауыстың саны.
- 6.2.25. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Банкке талап қою мақсатын қоса алғандағы акционердің бюллетенге өзі қол қоямын деген жағдайды қоспағанда, жеке жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.
- 6.2.26. Жеке жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санағанда, бюллетеньде анықтаған дауыс беру тәртібі дауыс берушімен сақталған және дауыс берудің болуы мүмкін нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.



- 6.2.27. Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі бар болған кезде, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазуды енгізуге міндетті.
- 6.2.28. Дауыс берудің қорытындысы дауыс беруді өткізу барысында Акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі.
- 6.2.29. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлердің назарына “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа интернет-ресурстарында жариялау жолымен немесе Акционерлердің жалпы жиналысының жабылған күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарламаны жіберу жолымен жеткізіледі. Бұған қоса, Банк өз қалауынша ақпаратты басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.
- 6.2.30. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыстың жабылған күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күннің ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Банктің толық атауы және Басқарманың тұрған орны;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін күні, уақыты және орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Банктің дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (төралқа) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысында қатысушы тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) дауыс беруге қойылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе енгізілсе, онда Акционерлердің жалпы жиналысындағы хаттамасында Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) таңдалған Директорлар кеңесі мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатынығы көрсетіледі.

6.2.31. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;
- 2) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына ие немесе Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер;
- 3) есеп комиссиясының мүшелері қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлға оған қол қоя алмаған жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес құқығы бар тұлға қол қояды.

6.2.32. Осы Жарғының 6.2.31. тармағында көрсетілген тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, бұл тұлға бас тартуының себебін жазбаша түсіндіріп, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол осы хаттамаға тігілуі тиіс.

6.2.33. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижелерінің хаттамаларымен, Акционерлердің жалпы жиналысында қатысу және дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебі көрсетілген жазбаша түсіндірулермен бірге тігіледі.

6.2.34. Осы Жарғының 6.2.33. тармағында көрсетілген құжаттар Басқармада сақталуы және акционерлердің танысуы үшін кез келген уақытта берілуі тиіс. Акционердің жазбаша талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

6.2.35. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) егер Банк Жарғысында кодексті қабылдау қарастырылған болса, корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Банктің жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін екінші түріне ауырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;
- 8) есептік комиссияның сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің

мүшелеріне өз міндеттемелерін атқарғаны үшін сыйақы және шығындардың өтемақыларын төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

- 10) Банктің аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымдарды белгілеу;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12) есептік қаржылық жыл үшін Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Банктің акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау
- 15) Банкке тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бөлігін немесе бірнеше бөлігін (алу) беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруы немесе қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шыққанда Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерді хабардар ету нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары - “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа интернет-ресурстарында жариялау туралы шешім қабылдау. Бұған қоса, Банк өз қалауынша ақпаратты басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.
- 17) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында акцияларды Банк сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер оны құрылтайшылардың жиналысында бекітілмеген болса) енгізілетін өзгерістерді бекіту;
- 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) егер Банк Жарғысымен мұндай тәртіп белгіленбесе, акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;
- 20) басқа да сұрақтар, олар бойынша шешімдерді қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Банк Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған.

6.2.36. Осы Жарғының 6.2.35. тармағы 1), 2), 3), 4) және 17) - тармақшаларында айтылған мәселелер бойынша шешімдер Банктің дауыс беру акцияларының жалпы санынан басым көпшілік дауыспен қабылданады.

6.2.37. Басқа мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Банк Жарғысында басқаша белгіленбесе, дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыспен қабылданады.

6.2.38. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде өзгесі қарастырылмаса, шешімдерін қабылдау Акционерлердің жалпы

жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелерді, Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге рұқсат етілмейді.

6.2.39. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының қандай да бір шешімдерінің күшін жоюға құқығы жоқ.

6.2.40. Банктің жүзеге асырылуында мүдделілігі бар мәмілені жасау туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жаңдайларда осындай мәмілегі жасауда мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданады.

6.3. Директорлар кеңесі Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне қатысты мәселелерді шешуді қоспағанда, осы Жарғыға және (немесе) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына жатқызылатын мәселелерді шешуден басқа, Банктің қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

6.3.1. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегияларын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру (іске асыру) туралы, сонымен қатар жарияланған акциялар санының шамасында орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банк орналастырған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Банктің ағымдағы жылға арналған қаржы жоспарын (бюджетін) бекіту;
- 7) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Банктің ішкі ережелері мен операциялар жүргізу бойынша жалпы шарттарын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарымен талап етілсе, Ішкі кредиттік саясат туралы ережені бекіту;
- 9) Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, Басқарма өкілеттігінің мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен Басқарма құрамын сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма туралы Ережені бекіту;
- 10) Төрағаның және Басқарма мүшелерінің лауазымдық кесімді еңбекақы мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын белгілеу;
- 11) Төраға мен Директорлар кеңесі комитетінің мүшелерін тағайындау және осы комитеттер туралы Ережелерді бекіту;
- 12) Ішкі бақылау және аудит департаментінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын және қызметкерлерін

тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі бақылау және аудит департаментінің жұмыс тәртібін анықтау, оның қызметкерлерінің еңбек төлемі мен сыйлықақыларының көлемін және шарттарын белгілеуді, сонымен қатар Ішкі бақылау және аудит департаменті туралы Ережені бекіту;

- 13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақы мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;
- 14) қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банктің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін белгілеу;
- 15) Банктің қызметін реттейтін (ішкі қызметті ұйымдастыру мақсатында тек Басқарма қабылдайтын ішкі ережелерді есепке алмағанда) негізгі ережелерді, саясатты (қағидаларды) және қабылдауға міндетті басқа да ішкі құжаттарды, сонымен бірге Банктің бағалы қағаздарының аукциондары мен оған жазылудың шарттарын және өткізу тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 16) Банк филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 17) Банк өзге заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;
- 18) Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Банкке тиесілі Заңды тұлға Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызмет мәселесі бойынша шешімдер қабылдау;
- 19) Банктің міндеттемелерін Банктің меншік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы болатын шамаға арттыру;
- 20) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
- 21) ірі мәмілелерді, сондай-ақ іске асырылуына Банк мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 22) Банк қызметі туралы Банк Басқармасының есептерін қарау;
- 23) Ішкі бақылау және аудит департаментінің ағымдағы және жылдық есебін назарға қабылдау;
- 24) Ішкі бақылауды күшейту және тәуекелдіктерді басқару бойынша сыртқы аудиторлық ұйымның қорытындысын талдау, сыртқы аудиторлық ұйым және Ішкі бақылау және аудит департаменті анықтаған кемшіліктердің жойылуын бақылау;
- 25) тиісті негіздемелер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банкті қайта құру туралы бастамашылық шешім қабылдау;
- 26) Комплаенс-контроль бөлімінің басшысын тағайындау;

Акционерлердің жалпы отырысының айырықша құзыреттілігіне жатпайтын Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Банктің Жарғысында қарастырылған басқа мәселелер.

- 6.3.2. Директорлар кеңесі, реттеу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде бекітілген талаптарға сәйкес, Банкте тәуекелдерді басқарудың бірдей және тиімді жүйесімен ішкі бақылауды құруға және әрекет етуіне жауап береді. Жоғарыда аталғанға қатысты Директорлар кеңесі төмендегілерді орындауға міндетті:
- 1) лауазымды тұлғалар мен акционерлердің дәрежесінде ықтимал мүдделікті, оның ішінде Банктің меншігін заңсыз қолдануды және мүдделілік бар мәмілелерді теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жою;
  - 2) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылау;
  - 3) Банктік қызмет және онымен байланысты тәуекелдіктер аясында қажетті білімдерді және тәжірибені иелену.
- 6.3.3. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне қатысты мәселелер Банк Басқармасына шешім қабылдауға жіберілмейді. Жылдық және кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысына шақыру туралы шешімді қабылдау, дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан білікті дауыстардың көптігімен жүзеге асырылады.
- 6.3.4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзіретіне қатысты мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
- 6.3.5. Директорлар кеңесі өз өкілеттілігі аясында Банк қызметінің нәтижелері ағымдағы жылдың мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес келмеген жағдайда Банктің Басқарма мүшелеріне қолдануға болады.
- 6.3.6. Банктің Директорлар кеңесі бір қарыз алушыға/аффилиирленген компаниялар тобына кредит беру мәселелері бойынша өкілеттік лимитін белгілейді, Банктің уәкілетті органы өкілеттік лимит шеңберінде Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуынсыз шешім қабылдауға құқылы.
- 6.3.7. Директорлар кеңесінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға болуы мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне жүктелген функцияларды орындауды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Зағына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
- Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 1) акционерлер – жеке тұлғалар;
  - 2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыныс берген) тұлғалар;
  - 3) Банктің акционерлері болып табылмайтын және акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыныс берген) жеке тұлғалар.
- 6.3.8. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Директорлар кеңесінде бір орынға бір үміткер сайлауға түскен жағдайды қоспағанда дауыс беру үшін бюллетеньдерді пайдаланумен акционерлер кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырады. Кумулятивті дауыс беру бюллетені келесі бағандардан тұруы қажет:
- 1) Директорлар кеңесі мүшелеріне үміткерлердің тізімі;
  - 2) акционерлерге тиесілі дауыстардың саны;

3) Директорлар кеңесі мүшелеріне үміткер үшін акционер берген дауыстар саны.

Куммулятивті дауыс беру бюллетеніне «қарсымын» және «қалыс қаламын» деген дауыс беру нұсқауларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялары бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша куммулятивті дауыс беру бірден дауыс санын жинаған үміткерлерді көрсетумен куммулятивті дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге беру арқылы өткізіледі.

6.3.9. 1) Мәміленің жүзеге асырылуына мүдделі Банктің оны жасау туралы шешімі мәміленің жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым дауыстарының көптігімен қабылданады. Егер мәміленің жүзеге асырылуына мүдделі, оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны жұп болса, егер оның жасалуы пайдасына осындай мәміленің жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесінің елу пайызынан кем емес дауыс берсе, мәміленің жүзеге асырылуына мүдделі, мәмілелердің келесі түрлерін жасау туралы шешім қабылданды деп есептеледі:

- қолма-қол тауарлар нарығында шетелдік валютаны сатып алу мен сатуды білдіретін валюталық операциялар;
- екі түрлі валюталау күнімен бір валютадан екіншісіне бір соманы бір уақытта сатып алу мен сатуды білдіретін валюталық своп операциялары;
- экспорттық/импорттық расталған құжаттамалық аккредитивтер, банктік кепілдіктер, құжаттамалық инкассо, Банктің аккредитивтерді растауы;
- депозиттер мен кредиттер формасында қаржылық қаражатты алу мен беру;
- облигацияларды сатып алу – сату.

2) Осы Жарғы арқылы, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 73-бабы 4-тармағына сәйкес және негізінде, мәмілені жүзеге асыруға мүдделі, олардың жеке түрлерін жасаудағы басқа тәртіп, нақты айтқанда – аффилиирленген тұлғалармен келесі мәмілелерді жасау тәртібі анықталды:

- қолма-қол тауарлар нарығында шетелдік валютаны сатып алу мен сатуды білдіретін валюталық операциялар;
- екі түрлі валюталау күнімен бір валютадан екіншісіне бір соманы бір уақытта сатып алу мен сатуды білдіретін валюталық своп операциялары;
- экспорттық/импорттық расталған құжаттамалық аккредитивтер, банктік кепілдіктер, құжаттамалық инкассо, Банктің аккредитивтерді растауы;

- депозиттер мен кредиттер формасында қаржылық қаражатты алу мен беру;
- облигацияларды сатып алу – сату.

3) Осы Жарғының 6.3.9.-тармағы 2) тармақшасында тізбеленген мәмілелердің басқа түрлерін жасаудағы басқа тәртіп: Директорлар кеңесі шарттардың типтік формаларын және (немесе) осындай мәмілелерді жасаудың жалпы шарттарын алдын ала бекітеді, олардың аясында жүзеге асырылуында мүдделілік бар мәміле жасалуы мүмкін. Бұдан кейін, Директорлар кеңесі жүзеге асырылуында мүдделілік бар мәмілені жасау күнінен кейінгі жақын арадағы өз отырысында, бірақ ол жасалғаннан кейінгі кемінде екі айдан соң Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген мәмілені жасаудағы жалпы шарттармен және (немесе) шарттардың типтік формалары аясында, жүзеге асырылуында мүдделілігі бар мәмілені бекіту.

- 6.3.10. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
- 6.3.11. Директорлар кеңесінің сандық құрамы 3 (үштен) кем емес мүшелерден құралуы тиіс. Тәуелсіз директорлар Банктің Директорлар кеңесі құрамынан отыз пайыздан кем емес бөлігін құрауы қажет.
- 6.3.12. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.
- 6.3.13. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлануы мүмкін.
- 6.3.14. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау өтетін Акционерлердің жалпы жиналысын өткізген сәтте аяқталады.
- 6.3.15. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 6.3.16. Директорлар кеңесінің мүшелері өз бастамаларымен өкілеттіктерін тоқтатқан жағдайда, ол бұл туралы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған уақыттан бастап тоқтатылады.
- 6.3.17. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы іске асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің осы мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.
- 6.3.18. Директорлар кеңесінің Төрағасы және Төрағасының орынбасары Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы, оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төраға мен Төраға орынбасарын қайта сайлауға құқылы.



- 6.3.19. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарына төрағалық етеді, сонымен қатар Банк Жарғысымен белгіленген басқа міндеттерді атқарады.
- Директорлар кеңесінің Төрағасы Банк жұмысымен байланысты туындаған мәселелерді шешу үшін Банк қызметкерлері ішінен жұмыс тобын құру туралы шешім шығаруға құқылы.
- 6.3.20. Директорлар кеңесінің Төрағасы жоқ болған жағдайда, оның міндетін Төраға орынбасары атқарады, ал Төраға орынбасары жоқ болған жағдайда, оның міндетін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.
- 6.3.21. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
  - 2) Ішкі бақылау және аудит департаментінің;
  - 3) Банк аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
  - 4) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.
- 6.3.22. Директорлар кеңесінің мәжілісі қажет болған жағдайда, кез келген уақытта, жылына төрт реттен кем емес жүргізіле алады.
- 6.3.23. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің отырысы ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына қойылады.
- 6.3.24. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартқан жағдайда, бастама көтеруші Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуға міндетті Басқармаға жоғарыда көрсетілген талаппен жүгінуге құқылы.
- 6.3.25. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма Директорлар кеңесінің отырысына шақыруы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы, оған шақыруды талап ететін тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы жүргізіледі.
- 6.3.26. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаның жіберілу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға алдын ала хабарлама жіберуге міндетті.
- 6.3.27. Директорлар кеңесі отырысының кворумы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан басым көпшілік дауысынан құралады.
- 6.3.28. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кворум ретінде жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі, оның жаңа мүшелерін сайлау үшін, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешімді қабылдауға құқылы.
- 6.3.29. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең

болғанда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

- 6.3.30. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 6.3.31. Директорлар кеңесінің отырысы Банктің тіркелген офисінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аймағында немесе одан тыс кез келген жерде өткізілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі Директорлар кеңесінің отырысында оның атынан әрекет етуге және келмеген Директорлар кеңесі мүшесінің құқығын, дауыс беру құқығын қоса алғанда жүзеге асыруға Директорлар кеңесінің кез келген басқа мүшесіне уәкілеттігін бере алады.
- 6.3.32. Директорлар кеңесінің отырысы бейнеконференция түрінде де өткізілуі мүмкін, мұнда Директорлар кеңесінің барлық мүшелері отырыс барысында бірін-бірі көре және ести алады.
- 6.3.33. Директорлар кеңесі мүшелерінің барлығы келіскен жағдайда, Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворум болған жағдайда қабылданған болып есептеледі.
- 6.3.34. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады). Директорлар кеңесінің жеке мүшелеріне, сондай-ақ Директорлар кеңесінде дауыс беру нәтижесіне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді іріктеп жіберуге (таратуға) рұқсат етілмейді.
- 6.3.35. Директорлар кеңесінің отырысындағы күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесі отырысы өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберіледі.
- 6.3.36. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде төмендегідей мәлімет беріледі:
- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақырудың бастамашысы туралы мәлімет;
  - 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді ұсынатын соңғы мерзім;
  - 4) Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күн;
  - 5) күн тәртібі;
  - 6) дауысқа салынатын мәселелердің тұжырымы;
  - 7) «келісемін», «қарсымын», «қалыс қаламын» деу арқылы, күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 8) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетеньді толтыру) түсіндіру.
- 6.3.37. Сырттай дауыс беру бюллетеніне Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысы қол қоюлары тиіс.

6.3.38. Директорлар кеңесінің сырттай өткен мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделуі және хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасымен қол қойылуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді жіберуі тиіс.

6.3.39. Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен немесе бейнеконференция түрінде өткізілген отырыста қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, хаттама отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық етуші және Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға тиіс және онда:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқандар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынатын мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындыларын көрсетіп ол бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

6.3.40. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Банктің Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде дау айтуға құқылы.

6.3.41. Директорлар кеңесі Аудиторлық комитет құрады немесе кез келген басқа комитет құруға құқылы, оларды құру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етіледі немесе Директорлар кеңесінің пікірі бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес рұқсат етілген болып саналады. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен талап етілетін шамадағы, тиісті мәселе бойынша жұмыс жасауға қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшесімен басқарылады. Аудиторлық комитеттің, Стратегиялық жоспарлау комитетінің, Кадрлар және сыйақылар комитетінің және Әлеуметтік мәселелер комитетінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады. Банктің Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетіне төрағалық ете алмайды. Директорлар кеңесі комитетінің қалыптасу және жұмыс жасау тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесімен бекітілетін, осы комитеттер туралы ережелермен белгіленеді.

6.3.42. Директорлар кеңесі мүшелері барлық акционерлерге әділ қараулары керек және өз шешімдерін Банк мүддесіне қарай қабылдаулары қажет.

6.4. Банктің ағымдағы қызметіне басшылық ететін, Банктің атқарушы коллегиялды органы болып Басқарма табылады. Басқарма Банктің ағымдағы қызметіне

басшылық етеді, Банктің ағымдағы қызметін қамтамасыз ету бойынша шешімдер қабылдайды және оның жұмысының тиімділігі үшін жауап береді.

6.4.1. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

6.4.2. Басқарма Банктің атынан әрекет етеді, сонымен қатар оның мүдделерін білдіреді, Банктің атынан мәмілелер жасайды, штатты бекітеді, Банктің барлық қызметкерлері орындайтын міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді.

6.4.3. Директорлар кеңесі Банк Басқармасы мүшелерінің санын, Басқарма Төрағасын, Басқарма Төрағасының орынбасарын және Басқарма мүшелерін сайлайды, және Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімі, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

6.4.4. Басқарма мүшелері акционерлер және Банктің акционерлері емес қызметкерлер бола алады. Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің корпоративті нормативті құжаттарында бекітіледі.

6.4.5. Басқарманың мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, сонымен қатар Басқарма мүшесі мен Банк арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Банктің атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Жалпы жиналыспен немесе Директорлар кеңесі уәкілетті еткен тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

6.4.6. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке өзі іске асыратын тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

6.4.7. Осы Жарғы арқылы Жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне қатысты емес, Банк қызметін қамтамасыз етумен байланысты кез келген мәселелер, Басқарма құзыретіне жатады:

- 1) Банктің Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысы қарауға тиіс барлық мәселелерді алдын ала талқылау осыған байланысты қажетті құжаттарды дайындау, Банктің Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;
- 2) кредит беру, қаржыландыру, есеп айырысу, кассалық қызмет көрсету, Банктің ақшалары мен құндылықтарын сақтау, есеп жүргізу және есеп беру, банктік ішкі бақылау, клиенттердің мүдделерін қамтамасыз ету, Банк операцияларына (мәмілелеріне) байланысты басқа да мәселелерді ұйымдастыруды қарау;
- 3) Банктің қызметіне басшылық ету мәселелерін шешу;
- 4) Банкте, оның филиалдары және өкілдіктерінде еңбекті төлеу жағдайларын және жүйесін қалыптастыру;

- 5) Банктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерін іріктеу, орналастыру, даярлау және қайта даярлау мәселелерін шешу;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің жылдық есебін қарау;
- 7) Банктің ішкі ережелері мен басқа да құжаттарын бекіту, оның ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымын, Банк, оның филиалдары мен өкілдіктері бөлімшелерінің міндеттерін, қызметтері мен өкілеттіктерін белгілеу; Басқарманың тиісті комитеттерін құру, сондай-ақ олар туралы Ережелерді, Банк қызметкерлерінің типтік лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;
- 8) Банктің тендерлік комиссиясының шешімін қарау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте және шарттарда жылжитын және жылжымайтын мүліктерді сатып алу, сату жөнінде мәмілелерді бекіту;
- 9) Комплаенс-бақылау бөлімшесінің комплаенс-тәуекелін басқарудың тиімділігі туралы жыл сайынғы есебін қарау және тиісті шаралар қолдану үшін Директорлар кеңесіне ұсыну;
- 10) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он пайызынан кем болмайтындай бөлігін сатып алу (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) туралы, сонымен қатар олардың қызметі бойынша шешім қабылдау.
- 11) стратегиялық тәуекелдерді басқару бөлімінің басшыларын тағайындау;
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Банк Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне қатысты емес басқа мәселелерді қарау.

6.4.8. Банктегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің барабарлығына қойылатын талаптар аясында, Басқарма реттеу бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, Банктегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды сақтайды және енгізеді.

6.4.9. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнама ережелерін есепке ала отырып, Банктің басқа органдарына өз өкілеттіктерін беруге құқылы.

Басқарма Банкке ұсыну үшін үшінші тұлғаларға қатысты талаптарды, сондай-ақ тиісті ұйымдардың өкілеттіктерін беру тәртібін белгілейді.

6.4.10. Басқарма жиналысы қажеттілігіне қарай өткізіледі, оны Басқарма Төрағасы жүргізеді, ол жоқ болғанда, Басқарма жұмыстарын Басқарма Төрағасының орынбасары немесе Басқарма Төрағасы тағайындаған басқарушы директорлардың бірі жүргізеді.

6.4.11. Банктің Басқарма мүшелері өз міндеттерін Басқарма туралы ереже, осы Жарғы және осы Жарғыға сәйкес Банк қабылдаған Банк құжаттары негізінде орындайды.

6.4.12. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

6.4.13. Банк Басқармасы отырысының кворумы Банк Басқармасы мүшелерінің жалпы санынан басым көпшілік дауысынан тұрады. Банк Басқармасы егер оның отырысында Басқарма мүшелерінің жалпы санынан басым көпшілігі қатысса, кворум туралы жоғарыда айтылған ережелерге қарамастан, Басқарма отырысына Банк Басқармасының Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының орынбасары қатысқан жағдайда ғана қандай да бір шешім қабылдауға құқылы болып саналса, шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма шешімдері, егер жоғарыда айтылған жай дауыс көпшілігі туралы ережеге қарамастан, Банк шешімі тиісті түрде қабылданған болып саналатын болса, оларға Банк Басқармасының Төрағасы немесе Басқарма Төрағасының орынбасары дауыс берсе, отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының кәсіби көптеген дауыстардың қарауына және шешіміне жататын мәселелерді алдын ала талдау нәтижесі бойынша шешімді Басқарма мүшелерінің жалпы санынан кәсіби көптеген дауыстармен Басқарма қабылдайды.

6.4.14. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.4.15. Басқарманың шешімі отырыстағы Басқарма мүшелерінің барлық отырғандары қол қойған Басқарманың хаттамасымен ресімделеді және дауыс беруге ұсынылған барлық мәселелерден тұрады, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен олар бойынша дауыс беру нәтижесінен де тұрады.

6.5. Банктің Басқарма Төрағасы:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Банктің атынан үшінші тұлғалармен сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Банктің атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауға сенімхат береді және жұмыс берушіге Банк қызметкерлерімен еңбек қарым-қатынасында Банктің мүддесін білдіреді үшін сенімхат береді;
- 4) Банктің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің штаттық кестесін бекітеді; Ішкі бақылау және аудит департаментінің сандық және персоналдық құрамы бойынша осы Жарғымен белгіленген ерекшеліктерін ескере отырып, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды;
- 5) Банктің қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға марапаттау шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес, Банк қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларын және еңбекақыларына жеке үстемақы және сыйлықақы мөлшерін белгілейді, Басқарма және, Банктің Ішкі бақылау және аудит департаменті қызметкерлерін қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін белгілейді;
- 6) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 7) Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сонымен қатар өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөледі;

- 8) осы Жарғымен және Акционерлердің жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа міндеттерді жүзеге асырады.
- 6.6. Басқарма Төрағасының тиісті бұйрығы негізінде, Басқарма мүшелері мен Заң Департаментінің Директоры осындай бұйрықта көрсетілген шектеулерге сәйкес және оларды ескеріп, Банк атынан сенімхатқа қол қоюға уәкілеттенуі мүмкін.

## **VII. БАНКТИҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ**

### 7.1. Банктің лауазымды тұлғалары:

- 1) оларға жүктелген міндеттерді адал орындайды және Банктің және акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде өркендететін әдістерді пайдаланады;
- 2) Банктің мүлкін пайдаланбауы тиіс әрі Банктің жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауға, сонымен қатар оны жеке мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбаулары тиіс;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Банктің қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес жариялануын және берілуін бақылайды;
- 5) Банктің қызметі туралы, сонымен қатар Банкте жұмысты тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде ақпараттың құпиялылығын сақтауға тиіс;
- 6) Банктің және оның акционерлері мүддесінде, хабардарлық, айқындық негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Банктің корпоративтік нормативтік құжаттарына, олардың еңбек шарттарына сәйкес әрекет етулері қажет.

### 7.2. Банктің лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Банк пен акционерлер алдында өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, сонымен қатар:

- қателесуге әкеліп соқтыратын ақпарат немесе жалған ақпарат берудің;
- Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзудың;
- Банк шығындарының туындауына әкелетін, бұл олардың жауапсыз әрекеттері мен (немесе) әрекетсіздіктері нәтижесінде, Банкпен осындай мәміле жасау нәтижесінде олардың немесе аффилиирленген тұлғаларының пайда (табыс) алу мақсатын қоса алғандағы жүзеге асырылуында мүдделілік бар ірі мәмілелердің және (немесе) мәмілелердің жасалуы туралы шешімді қабылдайтын және (немесе) жасайтын ұсыныстардың нәтижесінде келтірілген зияндар үшін, жауапкершілік көтереді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Банктің Жарғысында қарастырылған жағдайларда Акционерлердің жалпы отырысында жүзеге асырылуында мүдделілік бар ірі мәмілелердің және (немесе) мәмілелердің жасалуы туралы шешімді қабылдауы оларды жасауға ұсынған лауазымды тұлғаны, немесе жауапсыз әрекет еткен және (немесе) мүшесі болып табылатын Банктің органы отырысында әрекетсіз отырған, оған

қоса оларды орындау нәтижесінде Банкке шығындар келтірілсе, олардың немесе олардың аффилирленген тұлғаларының пайда (табыс) алу мақсатында лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

7.3. 1) Банк Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде немесе Банктің 5 (бес) және одан да көп дауыс беру акцияларының пайызын иеленетін акционер (акционерлер) Банкке келтірген зиян немесе шығындарын Банкке өндіру туралы, сонымен қатар лауазымды тұлға жауапсыз әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік еткен жағдайда, Банк шығынының тууына әкелген, жүзеге асырылуында мүдделілік бар, ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Банкке оның лауазымды тұлғасының және (немесе) оның аффилирленген тұлғаларының қайтаруы туралы өз атынан лауазымды тұлғаға сотқа талап арызбен жүгінуге құқылы.

2) Банк Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде немесе Банктің 5 (бес) және одан да көп дауыс беру акцияларының пайызын иеленетін акционер (акционерлер) Банк пен осы үшінші тұлға арасында жасалған мәміле нәтижесінде, егер осындай мәмілені жасау және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің аталған лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен жасалған келісім негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасы, Жарғы, Банктің корпоративтік нормативтік құқықтары немесе оның еңбек шарты талаптарын бұзумен әрекет етсе, Банкке келтірілген шығындарды Банкке қайтару туралы Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға сотқа талап арызбен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда көрсетілген үшінші тұлға мен Банктің жауапты тұлғасы Банкке осындай шығындарды қайтару кезінде Банктің ортақ борышкерлері болады.

3) Сот органына хабарласқанға дейін 1) және 2) тармақтарында көрсетілгендей Банктің 5 (бес) және одан да көп дауыс беру акцияларының пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционер (акционерлер) Директорлар кеңесі отырысында Банктің лауазымды тұлғалары келтірген шығындарды Банкке өндіру туралы мәселені шығару талабымен және жүзеге асырылуында мүдделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайдаларды (табыстарды) Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) аффилирленген тұлғаларының қайтаруы талабымен Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына хабарласуы (хабарласулары) қажет.

Директорлар кеңесінің Төрағасы үндеу түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің күндізгі отырысын шақыруға міндетті.

Банктің 5 (бес) және одан да көп дауыс беру акцияларының пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционердің (акционерлердің) үндеуі бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде оған (оларға) мәлімделеді. Директорлар кеңесінің аталған шешімін алғаннан кейін немесе жоғарыда көрсетілген мерзімде алмағаннан кейін, Банктің 5 (бес) және одан да көп дауыс беру акцияларының пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционер (акционерлер) жоғарыда көрсетілген тәртіпте Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына акционердің үндеуін жібергенін растайтын құжаттар болған кезде, Банк мүддесін қорғауға сотқа талап арызбен өз атынан жүгінуге құқылы.

7.4. Корпоративтік хатшы - Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесі тағайындайтын және ол



Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін, Банк қызметкері, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және жүргізуді бақылайтын, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайтын Банк қызметкері. Корпоративтік хатшының құзыреті және қызметі Директорлар кеңесінің Ережесі бойынша анықталады.

## **VIII. БАНКТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН СЫРТҚЫ АУДИТІ**

- 8.1. Банктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес Банктің бухгалтерлік балансынан, пайда және шығындар есебінен, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және түсіндірме хаттан тұрады.
- 8.2. Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.  
